



ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ДӘСТҮРМЕН ҮШТАСҚАН ДЕМАЛЫС

5-БЕТ | БІЛІМ



АКТРИСА ЖАНАТ ЧАЙКИНА

7-БЕТ | ӨНЕРБАЯН



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Соңғы бес жылда көптеген маңызды бастаманы жүзеге асырдық. Нәтижесінде Қазақстан саяси тұрғыдан түбегейлі өзгерді. Халықтың әл-ауқатын арттыру үшін нақты шаралар қолға алынды. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Үкіметке экономиканы түбегейлі реформалау үшін барлық құзырет берілді. Халқымыз оның нәтижесін көп ұзамай көреді деп сенемін. Бірақ ең бастысы – нақты мақсат қойып, соған ұмтылу. Осыны жете түсінген жөн. Әр азамат еліміздің қайда бет алғанын, ертеңіміз қандай болатынын білуі керек. Бұл – өте маңызды.

№92
(4680)
Сенбі
3 тамыз
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДА ӨНЕРІ – МӘСКЕУДЕ

Ресей астанасы Мәскеуде Астана мәдениетінің күндері өтіп жатыр.

Елорда өнерпаздары мәдениет күндері «Қыз Жібек» этнофольклорлық мюзиклімен ашылды. Қазақтың мөлдір махаббат тақырыбына арналған эпосын мәскеулік көрермен назарына Астана қаласының Жасөспірім көрермен музыкалық театры ұсынды. Астаналық әртістердің шеберлігіне талғампаз көрермен зор қошемет білдірді.

(Жалғасы 8-бетте)

БИЛЕТТЕР САТЫЛЫМҒА ШЫҒАДЫ

8-13 қыркүйек аралығында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына билет сатылымы басталады.

Қазіргі уақытта асық ату, ордо, арқан тарту, қазақ күресі, ашыртмалы аба гүреші, құраш, қораш, алыш, мас-рестлинг, дәстүрлі садақ ату сияқты жарыстардың түрлеріне билеттер онлайн-сатылымда бар, деп хабарлады Elorda.info V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының дирекциясына сілтеме жасап.

5 тамыздан бастап барлық ниет білдірушілер үшін ойындардың ашылу салтанатына билеттер қолжетімді болады. Халықтың кейбір санаттары үшін жеңілдіктер қарастырылған.

Толық ақпаратты V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары сайтынан алады.



Фото: Виктор Федюнин

АСТАНАДА – ШАХМАТ ОЛИМПИАДАСЫ

Кешеден бері төрткүл дүние Астанаға көз тікті. Есіл жағалауында 1-6 тамыз аралығында өтетін шахматтан FIDE World Rapid and Blitz Team Championships аясындағы командалық әлем чемпионаты басталды. Елордаға әлемдік шахмат жұлдыздары жиналды.

ЖАҢА АВТОБУСТАР КӨБЕЙДІ

Астанада қоғамдық көліктер 85 пайызға жаңартылды.

Елордада биыл сатып алуға жоспарланған 310 автобустың 140-ы пайдалануға берілді. Жыл басынан 14 бағытқа «Yutong», «Golden Dragon» және «Higer» маркалы жаңа автобустар шығарылды, деп хабарлады Elorda.info.

«№3 автобус паркі 15 жаңа автобус сатып алып, оларды №12, 46, 50 және 64 бағыттарға жіберді; №6 автопарк та 15 автобуспен толығып №45 маршрутты жаңартты; «АБИ-Astana» №29 бағытқа

5 автобус қосты; №7 автобус паркі 5 автобус алып, оларды №26 және №47 маршруттарға шығарды; №1 автобус паркі ең көп автобустарды алды – 100 бірлік. Су жаңа көліктер №3, 5, 13, 18, 54, 60, 61 және 72 бағыттарды жаңартты» делінген «City Transportation Systems» ЖШС хабарламасында.

Айта кетейік, барлық автобус 2023 жылы шығарылған, Euro5 экологиялық класына жатады. Жыл соңына дейін тағы 170 автобус жеткізіледі.



ЖЕТІСУ парк 3 тамыз августа 17:00

АУЛА ОЙЫНДАРЫ

ДВОРОВЫЕ ИГРЫ Сергей Цирульников

СUNNY Sport



КОНГОМЕН ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТА ТҮСЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Конго Республикасының Президентімен шағын құрамда келіссөз жүргізді.

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессоны салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Президенттер бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дени Сассу-Нгессоға ілтипат білдіріп, оның елімізге бұл сапарының тарихи маңызы зор деп бағалады.

– Қазақстанға қош келдіңіз! Сіздің бұл алғашқы сапарыңыз екі ел байланысын дамытуға тың серпін беретініне сенімдімін. Қазақстан мен Конго арасындағы ықпалдастықты одан әрі дамытуға мол әлеует бар деп есептеймін, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Дени Сассу-Нгессо құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қазақстанның қазіргі саяси және экономикалық дамуына жетістіктерін жоғары бағалады.

– Елдер арасындағы дипломатиялық қатынастың 25 жылдығы қарсаңында Астанаға келу – біз үшін зор мәртебе. Бұл сапар саясат, дипломатия және экономика салаларындағы байланыстарды одан әрі нығайта түсетініне, ал екі ел халықтарының достық қатынастарын жаңа деңгейге

көтеретініне сенемін, – деді Конго Президенті.

Келіссөз барысында тараптар Қазақстан мен Конго арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың даму перспективаларын талқылады. Сондай-ақ халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде жан-жақты пікір алмасты.

КОНГОҒА ЕЛШІ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дени Сассу-Нгессо екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Конго Президентінің қазақ жеріне алғашқы сапары екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 25 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

– Біз Конго Республикасының Африка құрлығындағы маңызды серіктес ретінде қарастырамыз. Екі ел бір-бірінен қашықта орналасқан. Соған қарамастан өзара байланысты жан-жақты дамытуға мүдделіміз. Қазақстан мен Конго ынтымақтастығының әлеуеті өте жоғары. Әсіресе, сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен, өндіріс пен инвестиция, жаңа технологиялар мен ғарышты игеру бағыты бойынша екі ел арасындағы ықпалдастықты жандандыру

қажет. Бүгінгі қол қойылатын құжаттар саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға тың серпін береді деп сенемін. Осы ниетіміздің айғағы ретінде біз Конгоға Елші тағайындаймыз, – деді Президент.

Өз кезегінде Дени Сассу-Нгессо Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конгоға дипломатиялық өкіл тағайындау туралы шешімі өзара ынтымақтастықты нығайта түсетінін айтты.

– Шын мәнінде, Сіздің бұл шешіміңіз Қазақстан мен Конго арасындағы өзара ықпалдастықты дамытуға деген ұмтылысыңызды анық көрсетеді. Біз жүзеге асыруға келіскен жобалар бойынша екі ел үкіметтері бірқатар келісім әзірледі. Мұның екі елге де пайдалы болары сөзсіз. Кейінгі жылдары Қазақстан даму жолында зор табысқа жеткенін атап өткім келеді. Біз Сіздің еліңізбен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға мүдделіміз, – деді Конго Президенті.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан – Конго серіктестігінің даму перспективасын талқылады. Тараптар сауда-экономика, энергетика, көлік-логистика, қаржы, цифрландыру, тау-кен өндірісі және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастықты кеңейту мәселесіне айрықша назар аударды. Келіссөз соңында Дени Сассу-Нгессо Қасым-Жомарт Тоқаевты Конго еліне сапармен келуге шақырды.

ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі – Еуропалық Комиссияның вице-президенті Жозеп Боррельмен кездесті.

Кездесуде тараптар Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы ынтымақтастықты дамыту

перспективаларын талқылады. Сонымен қатар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер,

атап айтқанда, Орталық Азия елдерінің өзара ықпалдастығы жөнінде пікір алмасты.



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцария Конфедерациясының Ұлттық күні мерекесіне орай осы елдің Президенті Виола Амхердке құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Швейцарияның қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп,

екі ел халықтарының игілігі үшін өзара серіктестіктің одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді. Президент осы орайлы сәт-

ті пайдалана отырып, Виола Амхердтің мемлекеттік қызметіне табыс, ал Швейцария халқына бақ-береке тіледі.



ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованы қабылдады. Әлеуметтік салаға жауапты басшы саланы қаржыландырудың жаңа әдісін таныстырды.

Аталған тәсілдер бөлінген қаржының шын мұқтаж жандарға жетуін, мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығын, сондай-ақ бюджет қаражатының тиімді жұмсалымын қамтамасыз етуге бағытталады. Тамара Дүйсенова әлеуметтік салаға 14,5 триллион теңге бөлінгенін жеткізді. Бұл жалпы мемлекеттік бюджеттің 60 пайызын құрайды.

Президентке Отбасының цифрлық картасы арқылы көрсетілетін қызметтер азамат-

тардың әлеуметтік санатына қарай дербес ұсынылатыны туралы баяндалды.

Премьер-министрдің орынбасары бүгінде әлеуметтік саланы цифрландырудың деңгейі қызмет алушыларды және оларға көрсетілген қызмет көлемін анықтап қана қоймай, мемлекеттік қолдау шараларының құрылымына түзету енгізуге мүмкіндік беретінін айтты. Ауыр тұрмыстық жағдайдағы отбасыларға арналған ұтымды әрі тиімді

көмек шаралары әзірленеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа білім беру, медициналық көмек сапасын арттыру және әлеуметтік нысандар құрылысы мен ауыл тұрғындарын қолдау бойынша Үкімет тарапынан қолға алынған жобалар жайында мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы қабылданған шаралардың маңызын атап өтіп, аталған ұсыныстарды қолдады. Сондай-ақ бұған дейін басталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.





АСТАНА ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша әкімнің орынбасары болып Ерік Мейірханов тағайындалды.

Ол еңбек жолын Халықаралық Мұнай-газ компаниясында бастаған. 2011 жылдың наурызынан 2012

жылдың мамырына дейін ҚР Сыртқы істер министрлігінде қызмет етті. Соңғы жылдары ҚР

Президенті Протокол қызметінің инспекторы, қызмет бастығының орынбасары болып жұмыс істеді.

ШАХМАТ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ АЛАУЫ ЖАҒЫЛДЫ

Астанада рапид және блиц бойынша (FIDE World Rapid and Blitz Team Championships 2024) командалық әлем чемпионаты ашылды.

Турнирге әлемнің бірнеше дүркін чемпиондары және ерлер мен әйелдер рейтингінің бірінші нөмір иелері Магнус Карлсен мен Хоу Ифань, сол сияқты қазіргі әлем чемпиондары Цзюй Вэньцзюнь мен Дин Лижэнь және басқа да көптеген жұлдыздар келді.

«Елордамыз шахмат турнирлерін өткізуде бай дәстүрге ие.

Алдыңғы турнирлер, нақтырақ айтқанда, әлем чемпионы атағы үшін матч, әйелдер Гран-приінің кезеңі, рапид пен блицтен әлем чемпионаты Астанада шахматқа деген қызығушылық жоғары екенін және ойынның сұлулығын бағалай алатынын көрсетті. Жинақталған тәжірибе, шарттар мен инфрақұрылым қаламызда кез келген ауқым-

ды шахмат чемпионаттарын өткізуге мүмкіндік береді. Балаларымыз шахматқа құмар әрі оны жақсы көреді. Біз жас спортшыларымыздың әрбір чемпионат сайын атақты шеберлерге айналғанына куә болып жүрміз. Бұл өскелең ұрпақ үшін ең жақсы үлгі болмақ!» деп жазды елорда әкімі Жеңіс Қасымбек.



ӘЛЕМДІК БЛОГЕРЛЕР АСТАНАДА

29 шілде күні 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясы «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешенінде шетелдік блогерлермен кездесу өткізді.

Шапағат ӘБДІР

Кездесу барысында оларға отандық туризмді дамыту перспективалары таныстырылып, ұлттық спорт түрлері элементтері көрсетілді.

Іс-шараға 8 мемлекеттен 11 шетелдік блогер қатысты. Яғни, қатысушылар – Таиланд, Малайзия, Қытай, Оман, Түркия, Әзербайжан, Вьетнам, Италия және Қырғызстан азаматтары. Олардың арасында малайзиялық актриса және жүргізуші Nur Ruhainies Farehah де бар. Оның

Instagram-да 1,7 миллион және TikTok-та 738,7 мың жазылушысы бар. Ал Қытайдан келген Wang Jianing, Xiaohongshu, Douyin және Weibo-да үлкен оқырманы бар халықаралық блогерлер.

Іс-шара аясында қонақтар Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ұсынылатын қазақ күресі, құсбегілік, асық ату, тоғызқұмалақ, мангала, овари, мас-рестлинг және дәстүрлі садақ ату спорт түрлерімен танысты.

Бұл іс-шара еліміздің оң имиджін, туристік әлеуетін және Дүниежүзілік көшпенділер

ойындарын миллиондаған шетелдік блогерлер аудиториясына насихаттауға мүмкіндік береді.

Еске салайық, 8-13 қыркүйекте Астана қаласында 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Іс-шараға 89 елден 2000-нан астам спортшы қатысады деп жоспарлануда. 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бас демеушісі – ALAGEUM ELECTRIC, Ойындардың Бас серіктесі – Nalyk Bank. Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында барлығы 21 спорт түрінен 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады.



Тазалық жұмыстары Астананың жасыл белдеуіне жақын орналасқан демалыс үшін тұрғындар арасында танымал уәкілеттілікке жүргізілді. Еріктілер 30 қап қоқыс жинады.

Қатысушылардың айтуынша, «Таза бейсенбі» акциясына еріктілер апта сайын қатысуда. Тазалау кезінде пикниктер үшін танымал немесе қала шегінде

орналасқан учаскелерге назар аударылады.

Мұндай қоқыстардан тазарту шаралары Нұра ауданының аумағында апта сайын өткізіледі.

Еріктілердің жұмысы көшелер мен аулаларды күнделікті тазалаумен айналысатын коммуналдық қызметтерге септігін тигізуде.

Айта кетейік, елордада жасөспірімдер мен жастар арасында қоршаған ортаны қорғауға, сондай-ақ жастарды еңбекке тартуға бағытталған «Жасыл ел» бағдарламасы жүзеге асырылуда. «Жасыл ел» жобасы аясында биыл қалада 14 пен 35 жас аралығындағы 4 200-ден астам жас жұмысқа орналасады.

ҚОЗҒАЛЫС УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ

Астананың бірқатар көшесінде көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысына уақытша шектеу енгізіледі.

«Астанада қоғамдық-саяси іс-шараларды өткізуге байланысты 7-10 тамыз аралығында елорданың Есіл ауданында (Оңтүстік айналма жол, Қабанбай батыр даңғылы, Мәңгілік ел, Ұлы дала, Достық, Керей, Жәнібек хандар көшелері), Нұра ауданында (Тұран, Ұлы дала даңғылы) және Алматы ауданында (Тәуелсіздік даңғылы, Нәжімеденов, Аманжолов көшесі) бірқатар көшедегі көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысына уақытша шектеулер

енгізіледі» деп жазылған Мемлекеттік күзет қызметінің хабарламасында.

Дайындық аясында 3 тамыз күні бірлескен жоспарлы оқу-жаттығулар өткізіледі.

«Іс-шаралар арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ Қарулы Күштердің, оның ішінде әскери авиацияның ресурстарын пайдалануды көздейді. Осыған байланысты елорда тұрғындары мен қонақтарынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан

іс-шараларға түсіністікпен қарауды сұраймыз» дейді Мемлекеттік күзет қызметі.

Айта кетейік, 2-3 тамыз күндері Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессо Қазақстанға ресми сапармен келеді.

7-8 тамыз күндері Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің елімізге мемлекеттік сапары болады.

9 тамыз күні Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы консултантивтік кездесуі өтеді.



ДӘСТҮРМЕН ҰШТАСҚАН ДЕМАЛЫС

Елордалық оқушылардың биылғы жазғы демалысы ерекше ұйымдастырылып, мектеп жанындағы лагерьлер әрі демалыс орны, әрі рухани мекен бола алды. Балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында астаналық мектептерде алғаш рет «Сарыжайлау» этнолагері ашылып, басымдық сондай-ақ археологиялық лагерьлерге де берілді. Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тың бастамаға қызыққандар да баршылық. Жазғы маусымның басынан бері мұндай лагерьлерге барлығы 450-ге жуық оқушы барды.

Бүгінгі ұрпақ, әсіресе қала мен қала маңындағы ауыл балалары ұлттық жауһарларды кинолар мен көрмелерден, не белгілі бір мереке, сайыстардың кезінде ғана көрмесе, шынында ұлттық өнімдер мен бұйымдардан, қазақы құндылықтардан алшақтап барады. Ұялы телефонның иіріміне жұтылып бара жатқан кезеңде ұлттық болмысты сақтау, асыл жәдігерлерімізді келешекке табыстау секілді сұрақтар маңызды. Сондықтан осыған дейін қалыптасқан, таптаурын лагерьлік жүйеге айрықша жаңашылдық енгізіп, ұлттық болмысты тану тұрғысында ұйымдастырылған этнолагерь мен археологиялық лагерьді бабадан қалған мұраларды келешек ұрпаққа жалғаудың алтын көпірі деуге толық негіз бар.

Биылғы жазда демалыстың барлық түрі бойынша 200 мыңнан астам оқушы қамтылды. Балалардың ойын-сауық дема-

лысын ұйымдастыру мақсатында елордалық 10 мектепте 5-8 сынып оқушыларына арналған археологиялық лагерьлер жұмыс істейді. Мәселен, қалалық Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназияда төрт демалыс бағыты бар. Солардың бірі – «Бозоқ» археологиялық лагерьі. Ұйымдастырушылардың сөзінше, лагерьдің атауы кездейсоқ таңдалмаған. Аталған мектептің жанында ежелгі Бозоқ қалашығы орналасқан. Осы бағыт аясында тарихи-мәдени орынмен оқушылар кеңінен танысып, саяхат жасап, археологияны оқиды.

– «Бозоқ» археологиялық лагерьін тарих пәнінің мұғалімдері ұйымдастырады. Олар ғылыми жұмыстар жүргізеді, археологтардың жұмысын айқын көрсетеді. Сондай-ақ оқушылар жақында Ұлттық музейге барып, «Алтын адам» археологиялық олжасымен кеңінен танысты, – деді К.Ақышев атындағы №69

мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Толқын Байжұманова.

Ал лагерь жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі Бекбол Нұрсейітов ата-аналардың ықыласына ие болған лагерьге қызығушылық танытып, ерекше құлшыныспен келетін оқушылар көп екенін жеткізді.

«Бозоқ қалашығын археолог Кемел Ақышев ашып, зерттеді. Мен оқитын №69 мектеп-гимназия оның есімімен аталады. Археологтың олжалары біздің мектеп пен қаланың мұражайларында сақталған. Археологиялық лагерьде біз Бозоқ қалашығын және басқа да тарихи ескерткіштерді зерттейміз. Мен ата-бабаларымыздың ежелгі жерлерді қалай зерттеп, ашқанын білгім келеді» деп бөлісті 5-сынып оқушысы Мырзабек Сейілқан.

Археологиялық лагерьден басқа, қала мектептерінде этникалық бағыт ерекше таны-



басу, үйде дайындалған сары май және басқа да өнімдерді экологиялық таза жолмен қалай жасау керекін көрсеттік. Лагерь барысында біз қойдың жүнін қалай дұрыс алу, жуу, бояу және қайта өңдеу керекі туралы әңгімелестік. Осылайша «Таза Қазақстан» акциясы қаладағы тәртіпті ғана емес, жеке бас гигиенасын сақтаудан бөлек, адами қасиеттерді сақтауды да көздейді» деді Ж.Айтова.

Ал бастауыш сынып мұғалімі Ұлдан Жаппарова оқушыларға ата-бабаларымыздың сирек кездесетін мамандықтары туралы айтып, текеметті басудың дұрыс техникасын көрсетті.

«Этнолагерь туралы достарымнан біліп, қызықтым. Мұнда құрт жасауды үйреніп жатырмын. Қазіргі кезде кейбір ұлттық тағамдардың жасалу жолы ұмытылып бара жатқаны рас. Ертеректе ежелеріміз құртты күн сайын жасаса, қазір қаладағы аналарымыз көп жасай бермейді. Біз этнолагерьде осындай құндылықтарды жаңғыртып жатырмыз» деді 6-сынып оқушысы Әмина Төлеу.

Санаулы күндерден соң, баба өнерін меңгеріп, ұлттық ойын ойнал, домбырамен өн салып, шаттанып жүрген жеткіншектердің небәрі он күнде этнолагерьдегі әсерлі күндерін келер жыға дейін кілт үзуіне тура келеді. Берер тәлімі мен тәрбиесі мол бұл лагерьлердің арқасында жас өрендер ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ұлттық өнермен танысып, әліппесін таныды.

мал. Аталмыш лагерьдің басты ерекшелігі – мұнда оқушылар әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді тереңірек меңгеріп, ұмытылып бара жатқан қолөнер бұйымдарын өз қолдарымен жасап үйренеді. Астаналық 10 мектепте ұйымдастырылған лагерь төрт ауысымға созылған еді.

Солардың қатарында қалалық Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия жанында жазғы «Сарыжайлау» этнолагері оқушылар үшін есте қаларлықтай өтті деуге болады. Бұл жақта күн тәртібі «Қара жорға» биімен басталып, одан кейін «Салт-дәстүрлерді үйрену», «Қолөнер», «Ұлттық тағамдар», «Қыш өнері» сияқты шеберлік сабақтары өткізілді. Бұған қоса, «Ұлттық дәстүрін ұлықтаған ұрпақ» тақырыбында «Әжелер мектебінің» сабақтары, тоғызқұмалақ, бес асық сияқты ұлттық ойындар, робототехника және STEM

сабақтары, домбыра мен ән сабақтары ұйымдастырылды. «Тілімізді, дінімізді, өнерімізді оқушылар бала күнінен бастап бойына сіңіруі керек. Сонда біз нағыз ұлтжанды азаматты, елімізді көркейтегін қыз бен ұлды тәрбиелейміз. Шебер мұғалімдеріміз, әжелер қауымы өскелең ұрпаққа киіз басуды, жүн түтуді, қамшы өруді, басқа да қолөнерді, терімен жұмыс істеуді, ұлттық тағамдар дайындауды үйретті» деді М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия директоры Гүлмира Оралқызы.

Сол секілді этникалық бағыттағы кезекті лагерь «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында №88 мектеп-лицейде өтті.

«Елордада «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда. Мектеп оқушыларының қатысуымен этнолагерь аясында біз текемет



Бетті дайындаған Индира БЕРЖАНОВА

МЕЙІРІМ СЫЙЛАҒАН «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

Астанада «Мектепке жол» акциясы басталып, оның аясында «Аймақтау» сауда үйінің маңында мектеп жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Дәстүрлі жәрмеңкеде кеңсе тауарлары мен мектеп формасын қолжетімді бағамен сатып алуға болады.



1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін өтетін ауқымды іс-шараның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қараусыз қалған балаларды мектепке дайындап, қажетті құрал-жабдықтарын алып беру. Осы-

лайша демеушілер мен қайырымды жандардың қолдауы арқасында оқушыларға мектеп формасы, оқу құралдары түрінде, сонымен қатар қаржылай көмек көрсетіледі. Былтыр акция аясында 8 мыңнан аса бала

мектепке дайындық жасаған болса, биыл 8,5 мың баланы қамту жоспарланып отыр.

«Мектепке жол» акциясы, негізінен, демеушілердің және меценаттардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, біздің жалпыға бірдей міндетті біліммен қамту бағдарламасы аясында жұмыстар жүріп жатыр. Соның нәтижесінде өткен жылы халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 14 040 балаға аталған бағдарлама аясында көмек көрсетілсе, биыл 14 500 баланы қамтылмақ. Оған халықтың әлеуметтік осал топтары санаттарына әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары, отбасының жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайларға тап болған балалар және басқалары жатады. Егер отбасы аталған санаттарға жататын болса, онда балалардың ата-аналары мектепке барып, растайтын құжаттарды ұсынуы керек. Қазіргі уақытта мектептердің әлеуметтік



педагогтары білім алушылардың жаңа жиынтығын ескере отырып, мұқтаж балалардың тізімін қалыптастыруда. 2024-2025 оқу жылында материалдық көмектің мөлшері бір балаға 43 407 теңгені құрады» деді Астана қаласы Білім басқармасының бас маманы Құттымұрат Шамшиев.

Мектеп жәрмеңкесіне қатысушылардың бірі Әлия Абайқызы ұсынылған тауар бағасы сапасына сай екенін атады.

«Өзім үш баланың анасымын. Мұндай тиімді акциялар қалалықтар үшін өте қажет. Құрал-жабдықтардың бағасын қарап шықтым. Түрлі сегменттегі бағалар көрсетілген.

Мәселен, мектеп сөмкелері 5-10 мың теңге аралығында тұр. Сөмкені оқушы бірнеше жыл ұстайтынын ескерсек, бағасына турады деп есептеймін» деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мектеп жәрмеңкесіндегі баға базар бағасынан 10 пайызға төмен. Қала бойынша жұмыс істейтін жәрмеңке «Аймақтау», «Тұлпар», «Тұмар» сауда үйі, «Magnum» (Тұран даңғылы, 55Д), «Анвар» супермаркеті (Тұран даңғылы, 45), «Рахмет», «Джафар» сауда орталығы, «Сарыарқа», «Көктал», «Өсем», «Astana Mall», «Аружан» сауда ойын-сауық орталықтарында өтеді.

